

**«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ҚЕ АҚ
жанындағы 8D015 – жаратылыстану пәндері бойынша педагогтерді
даярлау 8D01501 – «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша
докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің
2025 жылы атқарған жұмысы туралы
ЕСЕП**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2023 жылғы 26 мамырдағы «PhD дәрежесін беру үшін докторлық диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңестерді құру туралы» №239 бұйрығы негізінде жұмыс істейді.

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Ғылыми кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 22 сәуірдегі №9 хаттама) Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы қайта бекітілді. Кеңестің төрайымы - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Жанатбекова Назым Жанатбекқызы. Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы туралы ақпарат университеттің веб-сайтында жарияланған. (URL : <https://zhetyasu.edu.kz/%d0%bd%d0%be%d1%80%d0%bc%d0%b0%d1%82%d0%b8%d0%b2%d0%bd%d1%8b%d0%b5-%d0%b4%d0%be%d0%ba%d1%83%d0%bc%d0%b5%d0%bd%d1%82%d1%8b-%d0%bc%d0%b0%d1%82%d0%b5%d0%bc%d0%b0%d1%82%d0%b8%d0%ba%d0%b020->).

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

Есепті жыл ішінде диссертациялық кеңестің 3 (үш) отырысы өтті.

Диссертация қорғаулары туралы ақпарат және барлық қажетті құжаттар I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ресми сайтында қолжетімді

(URL: <https://zhetyasu.edu.kz/%d0%be%d0%b1%d1%8a%d1%8f%d0%b2%d0%bb%d0%b5%d0%bd%d0%b8%d1%8f-%d0%be-%d0%b7%d0%b0%d1%89%d0%b8%d1%82%d0%b0%d1%85-%d0%bc%d0%b0%d1%82%d0%b5%d0%bc%d0%b0%d1%82%d0%b8%d0%ba%d0%b0-2053->).

2025 жылдың 16 сәуірінде Жалғас Ундрусұлы Ахметовтің диссертация қорғау кеңесінің отырысы өтті.

2025 жылдың 23 маусымында Бақтияр Бағланұлы Сатқұлов пен Любовь Николаевна Карасеваның диссертацияларын қорғау бойынша отырыстар өтті.

Ізденуші Ж.У. Ахметовтің, Б.Б. Сатқұловтың мен Л.Н. Карасеваның аттестациялық құжаттары Қазақстан Республикасы Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілді.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Есепті кезеңде диссертациялық кеңестің барлық мүшелері отырыстарға қатысты.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

Диссертация қорғаған докторанттар туралы мәліметтер 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. 2025 жылы диссертацияларын қорғаған докторанттардың тізімі

№	Толық аты-жөні	ЖОО және білім беру бағдарламасы	Зерттеу тақырыбы	Ғылыми кеңесшілер	Комитет шешімінің қабылданған күні мен ретінің нөмірі
1	Ахметов Жалғас Ундрусулы	«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ҚЕ АҚ, 8D01501 – «Математика» білім беру бағдарламасы	Стохастикалық-ойын жаттығулары жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыру әдістемесі	Отандық ғылыми кеңесші: Сеитова Сабыркуль Макашевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ҚЕ АҚ (Талдықорған қ. Қазақстан); Шетелдік ғылыми кеңесші: Тажиев Мамарежаб – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ренессанс білім беру университеті. (Ташкент қ. Өзбекстан).	2025 жылғы 16 шілдедегі № 1218 бұйрығы
2	Сатқұлов Бақтияр Бағланұлы	«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ҚЕ АҚ, 8D01501 – «Математика» білім беру бағдарламасы	Оқушылардың математикалық сауаттылығы мен 21 ғасыр дағдыларын PISA зерттеулері аясында қалыптастыру және дамыту	Отандық ғылыми кеңесшілер: Нұрғабыл Дүйсебек Нұрғабылұлы – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ҚЕ АҚ (Талдықорған қ., Қазақстан); Кагазбаева Аспет Кенесбековна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» ҚЕ АҚ, (Ақтөбе қ., Қазақстан); Шетелдік ғылыми кеңесші:	2025 жылғы 19 қарашадағы № 2057 бұйрығы

				Mehmet Fatih Öçal – философия докторы PhD, профессор Ибрагим Чечен атындағы Агро университеті (Агры к. , Түркия).	
3	Карасёва Любовь Николаевна	«Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» ҚЕ АҚ 8D01502 – «STEM білім беруде математиканы оқыту» білім беру бағдарламасы	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы математиканы оқуда оқушылардың алгоритмдік құзыреттілігін дамыту	Отандық ғылыми кеңесші: Смагулов Есенгали Жексембаевич – педагогика ғылымдарының докторы профессор, «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ҚЕ АҚ (Талдықорған к., Қазақстан); Шетелдік ғылыми кеңесші: Темербекова Альбина Алексеевна – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Горно-Алтайск мемлекеттік университеті» (Горно-Алтайск к., Алтай Республикасы, Ресей Федерациясы).	2025 жылғы 19 қарашадағы № 2060 бұйрығы

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау:

4.1.1 Ахметов Жалғас Ундрусулының «Методология формирования профессиональной направленности студентов через систему стохастико-игровых упражнений» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D01501 – «Математика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылды.

Студенттердің кәсіптік бағдарын қалыптастыруға арналған стохастикалық-ойындық жаттығуларды қажеттілігін педагогика, психология, ықтималдықтар теориясы және білім беру технологиялары саласындағы іргелі еңбектерге негізделгенін әдебиеттерді талдау растайды. Г.П. Щедровицкий, А.А. Вербицкий, Н.В. Смирнов, В.Ф. Кабанцев, Л.М. Фридман, Й. Хейзинги, Д. Колба, Ж. Пиаже, А.Н. Колмогоров, В.И. Арнольд жұмыстары стохастика, ойын технологиялары мен цифрлық құралдардың үйлесімі белгісіздік жағдайында мамандарды дайындаудың тиімді әдісі болып табылатынын көрсетеді. Өртүрлі дереккөздерді талдау келесі қарама-қайшылықтарды анықтады: 1. Дидактикалық қарама-қайшылық. Ықтималдықтар теориясы, статистика және ойын теориясы шеңберінде оқытылатын математикалық ұғымдардың абстрактілі сипаты мен оларды практикалық қолдану қажеттілігі

арасында. 2. Психологиялық-педагогикалық қайшылық. Стохастикалық және ойын модельдерін қабылдаудың жоғары күрделілігі мен кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оларды меңгеру қажеттілігі арасында. 3. Әдістемелік қайшылық. Математикалық пәндер (ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика және ойын теориясы) негізінде студенттердің кәсіби бағдарын дамыту қажеттілігі мен оларды кәсіби бағытталған оқытуға біріктіру күрделілігі арасында. Анықталған қарама-қайшылықтар ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика және ойын теориясы бойынша жаттығулар жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын тиімді қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық шарттарды, принциптер мен әдістерді анықтау және әзірлеуден тұратын зерттеу мәселесін таңдаудың негізі болып табылады.

4.1.2 Саткұлов Бақтияр Бағланұлының «Формирование и развитие у школьников математической грамотности и навыков 21 века в контексте исследований PISA» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D01501–«Математика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылды.

Қазақстан Республикасының мектептерінде математикалық сауаттылықты оқыту негізінен математикалық пәндерді оқыту шеңберінде жүзеге асырылады, алайда бұл үдерісте пәнаралық білім деңгейі, қазіргі педагогика мен психология талаптары толық ескерілмейді. Осылайша, мектеп оқушыларының математикалық сауаттылықты меңгеруін ұйымдастыру, 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыру мен дамыту мәселелерін зерттеу келесі қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді:

- оқыту мазмұнының қолданбалы бағыты мен қоршаған ортаның үдерістерін бейнелейтін, мектептегі алгебра мен геометрия курстарының кейбір тарауларына сай келетін практикалық-бағдарлы тапсырмалардың құрылмағандығы арасындағы қайшылық;

- негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) оқушылардың білім, білік және дағдыларына қойылатын негізгі талаптарды анықтайтынына қарамастан, бұл дағдылар мен 21 ғасыр дағдыларын тиімді дамытуға бағытталған әдістемелік тәсілдердің жеткіліксіздігі арасындағы қайшылық;

- оқушылардың математикалық сауаттылығын, 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың тиімді тәжірибелерін қолдану қажеттілігі мен бұл бағытта әдістеменің жеткілікті деңгейде жасалмағандығы арасындағы қайшылық;

- математикалық сауаттылықтың қалыптасу деңгейін өлшеу, 21 ғасыр дағдыларының қалыптасуын анықтау қажеттілігі мен оны өлшеуге арналған құралдардың болмауы арасындағы қайшылық.

Анықталған қарама-қайшылықтар мен математикалық сауаттылықты, 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыру мен дамыту мәселелерінің жеткіліксіз зерттелуі зерттеудің бағыттарын және зерттеу мәселесінің өзектілігін – мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығын және 21 ғасыр дағдыларын

калыптастыру мен дамыту әдістемесін әзірлеуді анықтады. Жоғарыда келтірілген қарама-қайшылықтарды шешу қажеттілігі мен зерттеудің өзектілігі диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауды анықтады: «Оқушылардың математикалық сауаттылығы мен 21 ғасыр дағдыларын PISA зерттеулері аясында қалыптастыру және дамыту».

4.1.3 Карасева Любовь Николаевнаның «Развитие алгоритмической компетенции учащихся при изучении математики посредством информационно-коммуникационных технологий» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D01502 - «STEM білім беруде математиканы оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылды.

Мектептегі білім берудің қазіргі жағдайлары оқушылардың алгоритмдік қағидаттарды түсінуде және оларды математикалық іс-әрекетте қолдануда айтарлықтай қиындықтарға тап болатындығын көрсетеді. Бұған PISA, TIMSS тестілеуінің төмен нәтижелері дәлел бола алады. Сондай-ақ, педагогикалық жоғары оқу орындарының практикалық қызметінде тәжірибені келесі буынға жеткізетін, олардың бойында алгоритмдік құзыреттілікті қалыптастыратын болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау құралы ретінде алгоритмдік есептерді әзірлеу мен қолдануға аз көңіл бөлінетінін мойындамасқа болмайды. Бұл болашақ мұғалімдерді даярлаудың жетіспеушілігі алгоритмдік құзыреттіліктің мектепте оқытуда назардан тыс қалуына алып келетін тұйық шеңбер жасайды. Бұл қиындықтарды жеңудің тиімді әдістерінің бірі оқушыларға алгоритмдік процестерді көрімдеуге, интерактивті модельдермен тікелей жұмыс істеуге және математикалық тұжырымдамаларды қолдануға мүмкіндік беретін АКТ қолдану болып табылады. Оқу процесіне АКТ-ны қосу алгоритмдерді меңгеруді жеңілдетіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың математикалық сауаттылығы мен қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Алайда, қолданыстағы ғылыми-педагогикалық, оқу-әдістемелік жұмыстарды талдау математикалық білім беру контекстінде АКТ көмегімен алгоритмдік құзыреттілікті дамыту тақырыбы негізінен теориялық деңгейде қарастырылатындығын көрсетті. Оқушылардың алгоритмдік құзыреттілігін қалыптастырудың нақты әдістері мен құралдарына арналған практикалық зерттеулер жеткілікті зерделенбеген, сондықтан келесі қайшылықтар туындайды: - әлеуметтік-педагогикалық деңгейде қоғамның жоғары алгоритмдік құзыреттілігі бар мамандарға қажеттілігі мен оқушылардың бойында оны нақты дамытудың жеткіліксіз деңгейі арасында; - ғылыми-педагогикалық деңгейде алгоритмдік құзыреттілікті дамытудың маңыздылығы мен цифрлық білім беру ортасы жағдайында оны қалыптастыру тәсілдерінің жеткіліксіз теориялық әзірленуі арасында; - ғылыми-әдістемелік деңгейде АКТ-ны пайдалана отырып, алгоритмдік құзыреттілікті дамыту үшін тиімді әдістемелер мен цифрлық құралдардың қажеттілігі және оларды әзірлеу мен оқыту практикасына енгізудің жеткіліксіз дәрежесі арасында. АКТ пайдалана отырып, оқушылардың алгоритмдік құзыреттілігін дамытудың тиімді жолдарын іздеу өзекті ғылыми және педагогикалық міндет болып табылады. Бұл «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы математиканы

оқуда оқушылардың алгоритмдік құзыреттілігін дамыту» зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

Диссертациялық зерттеулердің тақырыптары «Елдің зияткерлік әлеуеті» дамуының басым бағытына, «Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар мен өнер саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» және «Білім және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» мамандандырылған ғылыми бағыттарына сәйкес келеді.

Ахметов Жалғас Ундрусұлының диссертациялық жұмысының тақырыбы 2024-2026 жылдарға арналған ҚР ҚМ гранттық қаржыландырудың «Елдің зияткерлік әлеуеті» дамуының басым бағыты бойынша «ИРН AP25796127 Разработка модели совершенствования методической системы подготовки учителей математики с использованием задач на рассуждение по стохастике» атты ғылыми жобасын орындаумен байланысты

Саткұлов Бақтияр Бағланұлының диссертациялық жұмысының тақырыбы 2023-2025 жылдарға арналған ҚР ҚМ гранттық қаржыландырудың «Елдің зияткерлік әлеуеті» дамуының басым бағыты бойынша «AP19676696 - Разработка методики формирования и развития у школьников математической грамотности в контексте исследований PISA» атты ғылыми жобасын орындаумен байланысты.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау:

4.3.1 Ж.У.Ахметовтың зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы жоғары оқу орындарының білім беру үрдісіне стохастикалық-ойын жаттығуларының жүйесінің, сондай-ақ «Методические основы реализации профессиональной направленности обучения курса «Теория вероятностей и математическая статистика»», «Методическая модель реализации профессиональной направленности обучения курса «Теория вероятностей и математическая статистика» через систему упражнений», «Методика решения профессионально направленных задач по курсу «Теория вероятностей и математическая статистика»» оқу құралдарының енгізілгендігінде

4.3.2 Саткұлов Б.Б. зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы мынада: зерттеу нәтижелерін оқытушылар, мұғалімдер және ғылыми қызметкерлер орта білім беру ұйымдарына жаңа буын оқулықтары мен оқу құралдарын құрастыруда, мектеп оқушыларына математикалық сауаттылықты оқытуда және ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыру мен дамыту процесінде сәтті пайдалана алады (енгізу актілерімен расталған).

4.3.3 Л.Н. Карасеваның диссертациялық зерттеуінің практикалық маңыздылығы келесідей:

1) оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді қамтитын АКТ-ны пайдалана отырып, математиканы оқытуда оқушылардың алгоритмдік құзыреттілігін дамыту әдістемесі эксперименттік тексеріліп, оқу процесіне енгізілді:

- «Факультативный курс обучения математике в школе посредством цифровых ресурсов GeoGebra и Desmos» оқу-әдістемелік құралы (20.06.2023 ж. №9 хаттамамен «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ оқу-әдістемелік кеңесі басылымға ұсынған);

- білім беру сайттары: algorithmic-lab.kz – оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға және алгоритмдік құзыреттіліктерін дамытуға арналған, және algorithmic-learning-lab.kz - АКТ пайдалана отырып, сабақтарды дайындап, өткізуге көмектесетін мұғалімдерге арналған әдістемелік қолдау сайты;

- «Проектирование деятельности по развитию алгоритмической компетенции учащихся на уроках математики посредством ИКТ» факультативтік курсының авторлық бағдарламасы (авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы 2023 жылғы 5 қаңтардағы №31566 куәлігі);

2) «Развитие алгоритмической компетенции учащихся при изучении математики посредством информационно-коммуникационных технологий» мұғалімдерге арналған әдістемелік құралы (әдістемелік ұсынымдар) дайындалды (Көкшетау қаласының білім бөлімінің әдістемелік кеңесі ұсынған 17-18.03.2025 ж. № 1 хаттама).

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

5.1 Ж.У.Ахметовтың докторлық диссертациясын қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің шешімімен ресми рецензенттер тағайындалды:

- Кадирбаева Роза Изтлеуовна – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 13.00.08 – Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі (Шымкент қ., Қазақстан);

2. Дәулетқұлова Айгүл Өтегенқызы – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), Сулейман Демирель атындағы университет, 13.00.01 – жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. (Қаскелен қ., Қазақстан).

5.2 Б.Б.Сатқұловтың докторлық диссертациясын қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің шешімімен келесі ресми рецензенттер тағайындалды:

- Кадирбаева Роза Изтлеуовна – педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 13.00.08 – Кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі (Шымкент қ., Қазақстан);

- Ханжарова Баян Серікбаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы (Алматы қ., Қазақстан).

5.3 Л.Н.Карасеваның докторлық диссертациясын қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестің шешімімен ресми рецензенттер тағайындалды:

- Мубараков Акан Мукашевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕ АҚ, 13.00.02 – Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта және жоғары білім беру жүйесін ақпараттандыру) (Астана қ., Қазақстан);

- Мадияров Нурлыбай Кокешович – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ, 13.00.02 - Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (математика), (Шымкент қ., Қазақстан).

Ресми рецензенттер ретінде ізденушінің зерттеу саласына сәйкес ғылыми дәрежесі, сондай-ақ отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар мамандар тағайындалды.

Ресми рецензенттер ізденушілердің алған ғылыми нәтижелеріне объективті баға берді. Диссертацияларды зерделеу негізінде рецензенттер диссертациялық кеңеске зерттеу тақырыбының өзектілігін, диссертацияда тұжырымдалған ізденушінің ғылыми ережелерінің, тұжырымдар мен ұсынымдардың негізділік дәрежесін, олардың жаңалығы мен практикалық маңыздылығын бағалаған жазбаша пікірлер ұсынды. Рецензенттердің жазбаша пікірлері мерзімінде ұсынылып, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ресми сайтында орналастырылды (URL : <https://zhetyssu.edu.kz/%d2%9b%d0%be%d1%80%d2%93%d0%b0%d1%83-%d1%82%d1%83%d1%80%d0%b0%d0%bb%d1%8b-%d1%85%d0%b0%d0%b1%d0%b0%d1%80%d0%bb%d0%b0%d0%bd%d0%b4%d1%8b%d1%80%d1%83%d0%bb%d0%b0%d1%80-%d0%bc%d0%b0%d1%82%d0%b5%d0%bc/>).

Рецензенттер өз қорытындыларын жеткілікті түрде дәлелдеп, диссертациялық жұмыстар бойынша кейбір ескертулер жасады. Бұл ескертулер зерттеулердің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне әсер етпеген жекелеген кемшіліктерге қатысты болды. Жүргізілген талдау негізінде рецензенттер тиісті білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру мүмкіндігі туралы оң қорытындылар берді.

Жазбаша пікірлер талаптарға сәйкес ресімделді. Тұтастай алғанда, тартылған ресми рецензенттердің жұмысы қойылатын талаптарға жауап берді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

ҚР-да PhD докторларын даярлау жүйесі үнемі жетілдіріліп отырады, бірақ даярлау бағытына сәйкес жетекші ғылыми-зерттеу институттарында (ҒЗИ), ұлттық ғылыми орталықтарда немесе өнеркәсіптік ұйымдарда докторанттардың міндетті практикадан/тағылымдамадан өтуін енгізу қажет.

7. Кадрларды даярлау бағыттары бойынша философия докторы (PhD), ғылым докторы ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертациялар саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының): 3

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының): 0

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының): 0

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының): 0

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының): 0

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының): 0

Диссертациялық кеңес төрағасы

 Н. Жанатбекова

Ғылыми хатшы



Е. Гаврилова